

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ БОЛАШАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

25-26 қараша 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
ПЕРСПЕКТИВЫ ЕВРАЗИЙСКОЙ
ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ КАК ФАКТОР
УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

25-26 ноября 2015 года

MATERIALS

of international scientific and practical conference
PROSPECTS FOR EURASIAN ECONOMIC INTEGRATION
AS A FACTOR OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT
OF KAZAKHSTAN

25-26 November 2015

Алматы 2015

модернизация национальной экономики и развитие корпоративных структур». – Алматы: Казак университеті, 2008. – Ч. 1. – 207-210 с.

2. Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексі. – Алматы: Юрист, 2014.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚ ТҮСІМІН СИПАТТАЙТЫН КӨРСЕТКІШТЕРДІ ТАЛДАУ

¹Байдәулетов Мәди, ²Анашева Ж.Ж., ³Өміртасова С.С.

Із.ғ.к., доцент, 2,32-курс магистранттары

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада, ҚР-ның бюджетіне түсетін салық түсімдерін сипаттайтын көрсеткіштерді талдау және оларға қорытынды беру. Сонымен қатар, мемлекет кірісінің үлкен бөлігін құраушы салық түрі, яғни корпоративтік табыс салығының бюджет жоспарын орындаудағы үлесін анықтау.

Abstract. In this article, analysis of the indicators characterizing the tax revenues to the budget Republic of Kazakhstan and give conclusion for all indicators. At the same time, determine share corporate income tax for execution of the budget plan.

Мемлекет кірістерінің көзі - салықтар немесе оларға бара-бар төлемдер болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістерінің құрамы мен құрылымы салық төлемдерінің қолданыстағы жүйесімен және салыстырмалы тұрақсыз сипаттағы салықтық емес қаражаттардың түсімдерімен айқындалады [1].

2009 жылдың I қаңтарынан бастап, ҚР-да корпоративтік табыс салығының 20% мөлшерлемесі енгізілді. Қазақстандағы салық жүйесіндегі негізгі анағұрлым маңызды және тұжырымды сәт – бұл корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесінің кезеңмен төмендеуі.

Ахуалды макроэкономикалық деңгейде талдау үшін Қазақстандағы 2010-2014 ж.ж. салық түсімдерін қарастырайық (кесте 1, сурет 1).

1-кесте. 2010-2014 ж.ж. ҚР мемлекеттік бюджетіне түскен салық түсімдері мен КТС динамикасын талдау [4,7].


| Көрсеткіштер | 2010 ж | 2011 ж | 2012 ж | 2013 ж | 2014 ж |
|---|---------|---------|---------|---------|---------|
| Салық түсімдері, млн тг | 2819509 | 2228700 | 2934081 | 3982338 | 4095366 |
| Өткен жылға қарағанда бюджеттің салық кірістерінің өсу қарқыны, % | 119,67 | 79,05 | 131,65 | 135,73 | 102,88 |
| Корпоративтік табыс салығы, млн тг | 920912 | 643700 | 837233 | 1050380 | 1041217 |
| Өткен жылға қарағанда КТС өсу қарқыны, % | 121,44 | 69,90 | 130,07 | 125,46 | 99,13 |
| Салық кірістеріндегі КТС үлес салмағы, % | 32,7 | 28,9 | 28,5 | 26,38 | 25,42 |
| КТС мөлшерлемесі, % | 30 | 20 | 20 | 20 | 20 |

Ескерту. ҚР статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған [8]

1-кестеден көріп отырғанымыздай, КТС мөлшерлемесінің төмендеуіне байланысты 2009 жылы мөлшерлеме төмендегеннен кейін КТС түсімдерінің сомаларын талдасақ, бюджетке түсетін КТС алымдарының азаюы байқалады, алайда 2010 жылы жағдай теңеледі. 2010 жылдан бастап 2014 жылға дейінгі аралықта КТС мөлшерлемесіне сәйкес КТС жоспарлық және іс-жүзіндегі сомаларының динамикасын талдау көрсеткендей, КТС түсімі бойынша бюджеттің орындалмауы орта есеппен алғанда 2-3 % құрайды. (1-кесте, 1-сурет)

Корпоративтік табыс салығы бойынша Қазақстан бюджетінің орындалмау мәселесі анықталып отыр, сондықтан салықтық әкімшілік ету мәселесін қарастыру қажет, ал бұл ҚР салық жүйесін реформалаудың аталмыш кезеңінде өзекті болып табылады. Салықтық әкімшілік ету – бұл басым жағдайда елдегі салық органдары айналысатын, тұтастай алғандағы салық жүйесін басқарудың

салыстырмалы түрде анағұрлым жеке ішкі жүйесі. Салық қызметтері органдары тарапынан салықтық әкімшілік ету шаруашылық қызметтер субъектілерінің салық зиянамаларын ұстануына бақылау жасауды көздейді[2].




1-сурет - 2010-2014 ж.ж. ҚР мемлекеттік бюджетіне түскен салық түсімдері мен КТС динамикасын талдау
Ескерту - ҚР статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған.

Кесте 2. 2010-2014 ж.ж. КТС мөлшерлемесіне сәйкес КТС жоспарлы және нақты сомаларының динамикасын талдау

| Көрсеткіштер | 2010 ж | 2011 ж | 2012 ж | 2013 ж | 2014 ж |
|--|--------|--------|--------|---------|---------|
| КТС(түзетулер енгізілген бюджет,млн.теңге) | 944700 | 659770 | 847931 | 1060545 | 1081223 |
| КТС(орындалуы,млн.теңге) | 920912 | 643700 | 837233 | 1050380 | 1041216 |
| Жыл ішінде түзету енгізілген бюджетке шаққандағы КТС орындалуы,% | 97.5 | 97.6 | 98.7 | 99.04 | 96.3 |

Ескерту. ҚР статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған[8]

Суреттен көріп тұрғанымыздай, корпоративтік табыс салығының жоспарлы және нақты сомалары, әсіресе 2013 жылы бірдей деңгейде тұр деп айтуға болады.



2-сурет - 2010-2014 ж.ж. КТС мөлшерлемесіне сәйкес КТС жоспарлы және нақты сомаларының динамикасын талдау

Ескерту - ҚР статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған.

2014 жылдағы салық түсімдері құрылымын қарастырайық(кесте 3).2015 жылдың 1 қаңтарында жағдай бойынша салық түсімдері бойынша мемлекеттік бюджет жоспары 101,9 %-ға немесе 26,7 млрд теңгеден асып орындалды. 2014 жыл бойы КТС бойынша жоспарланған 1081,2 млрд теңге немесе 96,3 % орнына 1041,2 млрд теңге түсті. Жоспар негізінен, минералдық шикізатқа дозир элементтік бағалардың төмендеуіне байланысты жекелеген ірі салық төлеушілердің аяқталмаған төлемдерінің азаюы есебінен орындалмады.

Жеке табыс салығы бойынша жоспарланған 413,0 млрд теңге орнына бюджетке 438,5 млрд теңге түсті немесе 106,8 % орындалды. Әлеуметтік салық бойынша жоспарланған 325,6 млрд теңге орнына бюджетке 341 млрд теңге түсіп, жоспар 104,7 % орындалды. Жеке табыс және әлеуметтік салықтар бойынша түсімдердің ұлғаюы жыл басынан бастап экономикалық тұрғыдан белсенді халық арасындағы жұмыссыздық деңгейінің 5,5-тен 5,3 %-ға дейін және жасырын жұмыссыздық деңгейінің 0,5-тен 0,4 %-ға дейін төмендеуімен түсіндіріледі.

2014 жылғы ҚҚС бойынша жоспарланған 886,9 млрд теңге орнына 914,4 млрд теңге түсті немесе 103,1% құрады, соның ішінде өндірілген тауарларға ҚҚС жоспары 119,5 % орындалды, импортталатын тауарларға ҚҚС бойынша жоспар 99,5 % құрады. Өндірілген тауарларға ҚҚС бойынша жоспардың артық орындалуы – жоспарланған 8,8 %-ға қарсы бюджеттегі ҚҚС қайтару қарқынын баяу болуына байланысты. Импортталатын тауарларға ҚҚС жоспарының толық орындалмауы – ҚР алыс шетелдерден келген импорттың өсім қарқынының төмендеуіне байланысты.

3-кесте. 2014 жылдағы ҚР салық түсімдерінің құрылымы

| Салық атауы | Бюджеттегі салық сомасы, млн тг | Салық түсімдері жалпы көлемдегі үлесі |
|--|------------------------------------|--|
| Барлық салық түсімдері,оның ішінде: | 4 095 366 314 | 100% |
| Корпоративтік табыс салығы | 1 041 216 835 | 25% |
| Жеке табыс салығы | 438 497 839 | 11% |
| Әлеуметтік салық | 340 996 886 | 8% |
| Мүлікке салынатын салық | 127 485 043 | 3% |
| Жер салығы | 13 038 561 | 0% |
| Кәсіп құралдарына салынатын салық | 30 960 805 | 1% |
| Брыңғай жер салығы | 820 242 | 0% |
| Тыныштан күй салығы | 914 360 839 | 22% |
| Ақшаздер | 93 143 180 | 2% |
| Табиғи және басқа да ресурстарды пайдалану үшін түсімдер | 303 927 968 | 7% |
| Алымдар | 13 880 399 | 0% |
| Шығыс бизнесіне салынатын салық | 6 444 629 | 0% |
| Қалықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салық | 744 443 812 | 18% |
| Басқа да салықтар | 2 954 | 0% |
| Мемлекеттік баж | 26 146 321 | 1% |

Дәкерту. ҚР статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған[8]

Тұтастай алғанда, акциздер бойынша бюджетке 93,1 млрд теңге түсті. Ішкі өндіріс тауарларының акциздер жөніндегі түсімдер жоспарланған көлемдерге қарсы акцизделетін тауарлар өндірісі көлемін ұлғайту есебінен 67,2 млрд теңгені құрады. Импортталатын тауарлардың акциздері бойынша жоспарланған 25,7 млрд теңге орнына 25,9 млрд теңге сомасында қаражат түсті, бұл жоспардың 100,9 % құрайды.

Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер бойынша есептік кезеңге жоспарланған 290,3 млрд теңге орнына, бюджетке 303,9 млрд теңге түсті немесе жоспардың 104,7% орындалды. Жоспарды артық орындау, негізінен, 2014 жылғы 4 тоқсаны үшін пайдалы қазбаларды шығаруға салынатын салық бойынша төлемдердің түсімі есебінен, оларды төлеу мерзімі 2015 жылдың 1 қыркүйегіне дейін, әрі радиожилікті спектрді пайдалану төлемі бойынша, бұл радиожилікті спектрді пайдалануға рұқсат бергені үшін 5,0 млрд теңге сомасындағы бір жолғы түсіммен байланысты.

Кәсіпкерлік және кәсіби қызметтерін жүргізу үшін алымдар бойынша 13,9 млрд теңге түсті. Қалықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар бойынша есептік кезеңнің түсімдері 744,4 млрд теңгені құрады. Жоспарлы артық орындау, негізінен, шикі мұнайға және мұнайдан өндірілген тауарларды шығаруға кедендік баж салығына байланысты. Мемлекеттік баж бойынша жоспарланған 24,3 млрд теңге орнына, бюджетке 26,1 млрд теңге түсті немесе 107,4% орындалды. Сот шешімі бойынша 0,8 млрд теңге көлемінде төленген соманы қайтарумен байланысты мемлекеттік мекемелерге қатысты сотқа талап арыздарды беруге салынатын мемлекеттік баж салықтарын қоспағанда, бұл мемлекеттік баж салығының барлық түрлері бойынша артық орындалуы байқалады.

| | | |
|-----|---|-----|
| | Арзаева М.Ж. Интеграциялану жағдайындағы салық салу жүйесіндегі жекелеген мәселелер | 140 |
| 3 | Байдәулетов М., Анашева Ж.Ж., Өміртасова С.С. Қазақстандағы салық түсімін сипаттайтын | |
| 7 | көрсеткіштерді талдау | 143 |
| | Жорабаева Ж.Қ. Қазақстан Республикасында медициналық сақтандыру: жағдайы және жетілдіру | |
| 10 | мәселелері | 146 |
| 15 | Даулиева Г.Р., Сейдалиев Ш. Проблемы развития интегрированного фондового рынка Казахстана | |
| | и России | 148 |
| 19 | Даулиева Г.Р., Сейдалиев Ш. Қазақстанның қор нарығының Еуразиялық экономикалық одақ | |
| | жағдайында даму мүмкіндіктері | 151 |
| | Ермекбаева Б.Ж., Блембаева А.Н. Қазіргі кездегі қазақстан республикасындағы салықтық | |
| 22 | әкімшіліктендіру және оның даму болашағы | 153 |
| 26 | Жоламанова М.Т. Финансовые механизмы интеграции в рамках Евразийского экономического | |
| | союза | 156 |
| 29 | Өсербайұлы С., Текебаев Ж.М. Еуразиялық экономикалық одақ аясында исламдық | |
| 34 | қаржыландырудың Қазақстан экономикасындағы алатын ролі | 163 |
| 37 | Садықова С. Т. Эффективное использование опционов на фондовом рынке | 167 |
| 39 | Асилова А.С. Инновациялық дамудағы шетелдік инвестиция тартудың қажеттілігі | 170 |
| 43 | Жұбанова Ж.Б. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдауды жетілдіру жолдары | 172 |
| 48 | Керімбекова Н.Н. Банктің меншікті капиталы оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету | |
| 51 | құралы ретінде | 176 |
| | Мустафина А.К. Современное состояние земельного налога в РК | |
| 55 | Супугалиева Г.И. Еуразиялық экономикалық интеграцияның тиімділігін арттыруда коммерциялық | |
| 58 | банктердің ролі | 180 |
| 61 | Назарова Г. Корпоративтік салықтық менеджменті: жағдайы мен даму мәселелері | 183 |
| 65 | Казбекова Ж.Б., У Цзининг Эффект финансового рычага и рациональная политика заимствования | |
| 68 | средств предприятия | |
| 71 | Хамитов Н.Н., Фэн Ци Необходимость страхования предпринимательских рисков | 190 |
| 75 | Жоламанова М.Т., Чжан Вей Мероприятия по улучшению состояния банковского сектора Китая | 192 |
| 77 | Казбеков Б.К., Чжоу Лин Значение прямых иностранных инвестиций в развитии национальной | |
| 80 | экономики Республики Казахстана | 194 |
| 84 | Тулегенова М.С. Учись и учи. Веди простую жизнь и цени то, что имеешь. Отдавай больше, | |
| 89 | Ожидай меньше. | 197 |
| 94 | Досжан Р.Д. Жобалық тәсілді қолдана отырып тәуекелдерді басқару кәсіпкерлік қызметті | |
| 96 | Кукнев А.Ж., Садықханова Д.А. Индустриалды-инновациялық даму моделі: объективті | |
| 101 | англьшарттары және қажеттігі | 201 |
| 103 | Байдильдина А.М., Алимбекова Г.А. Пути финансового оздоровления и предотвращения | |
| 107 | банкротства предприятий | 206 |
| 109 | Джаншанлю Р.Е. Жизнь в кредит счастья не приносит | 209 |
| 113 | Баймуханова С.Б., Байахметова А.Б. Өндірістік шығындар есебі және өнімнің өзіндік құнын | |
| 115 | калькуляциялау | 213 |
| 118 | Бейсенбаева А.К., Акимбаева Қ.Т. Экспорттау келісімі мен оны талдаудың маңыздылығы | 216 |
| 121 | Нурғалиева Г.К., Айтбаева К.Б. Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында ұйым | |
| 123 | пайдасын бөлуді талдау мәселелері | 219 |
| 127 | Нурғалиева Г.К., Байсалова Б.О. Аутсорсинг как инструмент устойчивого развития компании в | |
| 130 | условиях евразийской экономической интеграции | 223 |
| 134 | Оралбаева Ж.З., Бейсенбаева А.Қ., Мансүрова Н.Ш. Тиімділік аудиті мен аналитикалық | |
| 138 | зерттеулерді жүргізу стандарттарын салыстыру | 226 |
| | Сұлтанова Б.Б., Байдәулетов М.Б., Ақылбаева Г. Аудит қызметінің дербес бағыты ретінде салық | |
| | аудитінің орны | 229 |
| | Байдильдина А.М., Ақынова Ф.К. Практика и пути совершенствования учета и анализа доходов и | |
| | расходов в сфере деятельности авиакомпаний | 232 |
| | Низамдинова А.К., Аматава И.Ю. Проблемы гармонизации и интерпретация финансовой | |
| | отчетности на основе международных стандартов | 235 |
| | Джакишева У.К., Ғаббасова Ә.Т. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау нәтижесін басқару | |
| | есебінде қолдану әдістемесі | 237 |
| | Сұлтанова Б.Б., Жора А.Б. Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес | |
| | ауылшаруашылығында бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың мәселелері | 239 |
| | Низамдинова А.К., Кудышева Д. Значение финансового анализа для успешного развития | |
| | предприятия | 241 |
| | Низамдинова А.К., Кумарбай А. Теоретические основы методологии анализа движения | |
| | финансовых (денежных) потоков и платежеспособности организации | 244 |
| | Джакишева У.К., Қанатқызы А. Қаржылық есептілікте инфляция әсері | 247 |